

6B01431 «Бейнелеу өнері, графика және жобалау

Тіркеу нөмірі	6B01400210
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B01-Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	B007 – Көркем сурет және сызу мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқу тілі	қазақ, орыс
БББ көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

БББ мақсаты	Білім, білік, дағдыны дамытатын және оқушы тұлғасының интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және көркемдік дамуын дамыта отырып, кәсіби құндылықтары мен іргелі білімді мұғалімді дайындау.
--------------------	---

БББ міндеттері	• қоғамда әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы стандарттарды сақтау; • олардың кәсіби мансабында өзгеретін ортаға сәтті бейімделуіне мүмкіндік беретін өмір бойы білім алу дағдыларын қамтамасыз ету; • орта білім берудің жаңартылған мазмұнына сәйкес болашақ мұғалімдерді дайындау: оқу бағдарламалары, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау, оқыту мен тәрбие әдістері; • білім беру саласындағы еңбекті ғылыми ұйымдастыруда сауатты және дамыған сөйлеуді, ойлау мәдениеті мен дағдыларын меңгеру, дамудың жоғары жалпы интеллектуалдық деңгейін меңгеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету; • бейнелеу өнері, графика және жобалау саласында жоғары сапалы кәсіби білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ету; • білім беру, бейнелеу өнері, графика және жобалау саласындағы бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігін дамыту, олардың мамандығы бойынша мүмкіндігінше тезірек жұмысқа орналасуын немесе білім берудің келесі деңгейлерінде оқуын жалғастыруын қамтамасыз ету; • сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы қозқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі; • 6 -шы біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Lifelong Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім» саласының салалық біліктілік шеңбері 2019 жылғы 27 қарашадағы №3. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2022 жылғы 25 желтоқсандағы №500 қаулысымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандарты.
Берілетін дәреженің атауы	БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6B01431- «Бейнелеу өнер, графика және жобалау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен	Бітіруші түлек келесі қызметтерді атқара алады:

лауазымдар тізімі	Бейнелеу өнер, графика және жобалау мұғалімі, орта мектептерде, лицейлерде, гимназияларда үйірме жұмыстарын ұйымдастырушы және жетекшісі, білім бөлімдерінде әдіскер, фирма, көркем галереялар, интерьер, сыртқы дизайн саласындағы суретші-дизайнер, көркемсурет фирмасы, көркемсурет галереялар, шығармашылық ұйымдардағы қолданбалы суретші. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне қойылатын талаптарды ұсынбай. № 553.
Кәсіби қызмет саласы	• білім беру; • көркем-өндірістік; • кәсіпкерлік.
Кәсіби қызметтің объектілері	• білім бөлімінің жалпы білім беру мекемелері; • мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары; • мамандандырылған мектеп; • техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары; • жергілікті және өңіраралық кәсіптік бағдар беру және кадрларды қайта даярлау орталықтары; • балалар бейнелеу студиялары, үйірмелер, балалар мен ересектерге арналған демалыс орталықтары; • даму орталықтары мен қосымша білім беру мекемелері.
Кәсіби қызмет пәні	• көркем және эстетикалық білім беруді дамыту бағдарламасын іске асыруға белсенді қатысу; • бейін бойынша білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және өткізу; • оқушылардың қатысуымен жүргізілетін зерттеу жұмыстары.
Кәсіби қызмет түрлері	• білім беру (әлеуметтік-педагогикалық, оқытушылық) қызметі; • мәдени-ағартушылық қызмет; • өндірістік-көркем қызмет; • ғылыми-зерттеу және әдістемелік қызмет; • көркем-шығармашылық қызмет; • кәсіпкерлік қызмет.
Оқыту нәтижелері	ОН1- Дүниетанымдық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілік, академиялық адалдық пен әдептілік қалыптастыру негізінде әлеуметтік-мәдени, жаратылыстану-ғылыми, кәсіби дамуды көрсету. ОН2 - Кәсіби ортада және қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде академиялық жазу әдістерін, басқаруды және қаржыны сауатты бөлуді пайдалана отырып еркін сөйлесу. ОН3- Білім алушыларды тарту үшін білім беру, дамыту үдерісінде сандық технологияларды қолдануда цифрлық сауаттылық пен дағдыларды меңгеру, ақпаратты жалпылау, талдау және қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын

таңдау, бақылау үрдісінде цифрлық ресурстарды пайдалану.

ОН4- Мектеп оқушыларының психологиясы, даму физиологиясы және олардың білім беру қажеттіліктері туралы түсінік бере отырып, оқу үрдісін басқару.

ОН5- Білім алушылардың мінез-құлқын басқару, олардың оқу-танымдық іс-әрекетін ынталандыру, тәрбие жұмысының әдістерін, білім берудің заманауи тұжырымдамаларын пайдалана отырып, білім алушылар арасында салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

ОН6 - Оқытудың тиімді әдістері мен оқу жетістіктерін бағалау құралдарына негізделген сабақты өткізу кезінде білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру.

ОН7- Шығармашылық жұмыстар мен дизайн жобаларын жасаудың арнайы техникасы мен технологияларын, өнер туындыларының бағыттарын, өнер мен дизайнның даму бағыттарын мен тенденциялары тұрғысынан талдау дағдыларын, шығармашылық дизайн құралдарымен материалдарды пайдалану тәсілдерін меңгеру.

ОН8- Объектілер мен адам фигурасын шынайы бейнелеу үшін құрылымдық, анатомиялық және пропорционалды қатынастарды сақтай отырып, түрлі көркемдік әдістер, кескіндемелік және графикалық шеберлік әдістерін қолдану.

ОН9 - Жасанды интеллект құралдарын іріктеу, таңдау, ақпараттарды жүйелеу және шығармашылық жұмыстарды /кескіндемелік, графикалық, сәндік/ жасау кезінде, оларды композициялық, түстік, перспективалық, жоспарлау және сандық, веб-кеңістікте құрастыруда сандық құралдарды меңгеру; виртуалды визуалды кескіндерді құруда және дизайн мәселелерін шешуде инновациялық компьютерлік технологияларды, бағдарламалық кодтарды, графикалық пакеттерді, нейрондық желілерді қолдану.

ОН10 - Көркемдік және шығармашылық қабілеттерін көрсету, өзінің кәсіби қызметінің тиімді тәжірибесін жинақтау және тарату, практикалық зерттеулер негізінде оқу үрдісін жобалау.

ОН11- Қалыпсыз жағдайларда зерттеу, кәсіпкерлік дағдыларды пайдалана отырып жұмыс атқару.

ОН12 - Моральдық, этикалық және құқықтық нормаларға сәйкес педагогикалық қоғамдастықта даму стратегияларын анықтай отырып, жеке және топ мүшесі ретінде жұмысты біріктіретін ресми, бейресми нысандарда кәсіби үздіксіз білім беруді жоспарлау.